

**Ғ.Мүсірепов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау бойынша оқыту іс-шарасының хаттамасы №3**

Алматы қаласы  
Абылай хан даңғылы, 38

15 қыркүйек 2025 жыл

**Қатысқан қызметкерлердің тізімі**

Камалов М.Н. - директордың орынбасары  
Сержанова З.Ш. – шаруашылық ісі бойынша бөлім басшысы  
Әмірхан Б.Н. - бас есепші  
Қажымұқан Д.К. - заңгер  
Жайкова А.М.- кадр бөлімінің басшысы  
Бағдат А - референт

2025 жылдың қыркүйек айының 08 жұлдызында кәсіпорын ұжымның жұмыс тобында оқыту іс-шарасы мақсатында Қазақстан Республикасының Әкімшілік іс жүргізу кодексінің жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау бөлігіндегі нормаларын түсіндіру туралы семинар өткізілді:

Семинарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің міндетін орындайтын жауапты тұлға Қажымұқан Д.Қ. осы темаға қысқаша тоқталып өтті:

«Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс мемлекеттік құрылымдар қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттырып, мемлекеттік органдардың шешім қабылдау процесінде және сотта мемлекеттік органдармен дауларды қарау кезінде азаматтар мен бизнестің құқықтарын қорғауға септігін тигізетін заң екенін және жеке әкімшілік соттар құрылғанан атап өтті. Бұл соттар азаматтар мен мемлекеттік органдардың, басқа ұйымдардың арасындағы дауларды қарайтынын және Заңда «Татуластыру рәсімдері» колданылатынын, ал егер тараптар дауды татуласу, медиация не партисипативтік жолмен шешуге тоқтаса, онда келісім жазбаша түрде жасалатын жеткізді. Әкімшілік рәсім шеңберінде азаматтардың мемлекеттік органдарға және өкілеттігі бар басқа да субъектілерге өтініштері қаралатыны айта келе ішкі талдау жүргізу нәтижесі бойынша Ғ.Мүсірепов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрына әкімшілік рәсім бойынша өтініштер түскен жоқ.

Директордың орынбасары

Камалов М.Н.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
комплаенс-қызметінің міндетін  
орындайтын жауапты тұлға

Қажымұқан Д.Қ.

